



Бекітілді:

Ресей

ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжай
менгерушісі Ф.Х. Даумова

**ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайы 2024-2025 оқу жылының жазғы
кезеңіне арналған жұмыс жоспары**

ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайы жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары

Мақсаты: бөбекжай мен отбасы жағдайында балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, шынықтыру, педагогтар мен ата-аналардың ақпараттық құзыреттіліктерін арттыру, тәрбиеленушілердің жазғы мезгілінде қызықты ойындар ұйымдастыруды қалыптастыру

Міндеттері:

Физикалық:

- өз денсаулығына саналы түрде қарау, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру;
- қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту;
- әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды, спорттық ойындарды, командамен жарыс сипатындағы спорттық ойындарды өткізу және оларға қатысу;
- спорттық жаттығуларды орындау.

Коммуникативтік:

- балалардың түрлі әрекеттерінде белсенді және пассивті сөздік қорды қолдану;
- өмірде әртүрлі жағдайларда қарым-қатынас жасау;
- балалар көркем әдебиетіне қызығушылық таныту, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау;
- дыбыстарды дұрыс сайту;
- белсенді сөздік қорды байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту.

Танымдық және зияткерлік:

- креативті және сыни ойлау;

Шығармашылық, зерттеу:

- шығармашылық қиял;
- эмоционалды-сезімдік сала;
- ойлау;
- құрастыру іс-әрекеті;
- көркем-эстетикалық талғам;
- драмалық және театрландырылған ойындар.

Әлеуметтік-эмоционалды:

- әлеуметтегі мінез-құлық және қарым-қатынас;
- дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу;
- айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру;

- тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту;
- Отанның тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- Еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарау;
- Заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту;
- Еркін ойын кезінде балаларға пікірлерін айтуға мүмкіндік беру.

Қызметкерлермен:

1. Педагогтар және мамандардың жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мәселесінде құзыреттілігін арттыру.
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы мамандардың бірлесе жұмыс жасауын қамтамасыз ету.
3. Мектепке дейінгі ұйымда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыстардың жүйелі орындауын қалыптастыру

Ата-аналармен:

1. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелерінде ата-аналардың жалпы педагогикалық мәдениетін арттыру
2. Ата-аналардың ынтымақтастық педагогика негізінде тәрбие процесіне қатыстыру.
3. Балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау

№	Іс шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну	мамыр	Меңгеруші
2	«Жазғы демалыс уақытында мектепке дейінгі білім беру ұйымының жұмысын ұйымдастыру туралы» бұйрық шығару, таныстыру: - бөбекжайдың жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспарын; жазғы кезеңге күн тәртібін бекіту. Бөбекжай жұмысын жазғы кезең тәртібіне ауыстыру	мамыр	Меңгеруші
3	Қызметкерлерді жазғы кезеңдегі қауіпсіздіктің алдын алу туралы нұсқаулықтармен, ережелермен таныстыру - Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақаттануының алдын алу; - серуен кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МдҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - Бұқаралық шаралар кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстар өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптарын; - жарақаттанған кездегі алғашқы көмек беру; - жазатайым немесе тосын оқиға болған жағдайда басшылыққа хабар беру туралы.	мамыр маусым	Меңгеруші Медбике
4	Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру; - серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау; - табиғатта серуендеу тәртібі туралы;	мамыр маусым	Меңгеруші

	- ойын, спорттық жарыс кезіндегі қауіпсіздік туралы; - балабақша аумағында, аулада, көшеде жүру ережесі.		
5	Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру.	Мамыр	Әдіскер
Әкімшілік басқару мен бақылау			
6	Әкімшілік-шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); - қауіпсіздігін тексеру	Маусым	Менгеруші
7	Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау	Жаз бойы	Менгеруші
8	Күні тәртібінің орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
9	Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық. Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын-алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы	Маусым- Тамыз	Менгеруші, әдіскерлер, медбике
ІІІ Әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылуы			
10	- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау	Маусым-шілде	Әдіскерлер, тәрбиешілер, медбике

	және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету, - шынықтыру шараларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқама немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б); - экономикалық шешімдерді қабылдау; - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп отыру		
11	Семинар – практикум: 1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері». 2. «Шынықтыру және сауықтыру шаралары»	Маусым Шілде	Әдіскерлер, тәрбиешілер
12	Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - <i>буклеттер</i> ; - <i>ақпараттық парақшалар</i> ; - <i>кітапшалар</i> ; - <i>электрондық ақпарат көздеріне сілтеме</i> . 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - <i>«Ішек жұқпасы»</i> ; - <i>«Кене энцефалиті»</i> ; - <i>«Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»</i> ; - <i>«Көкөністер, жемістер. Дәрумендер»</i>	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, медбике
13	Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскерлер
Балалармен жұмыс			
14	«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (<i>модель 34 т.</i>); - балалардың пікірін, идеяларын ескеру (<i>модель 36 т.</i>);	Жаз бойы	Әдіскерлер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі

	- бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгеруді ойын нысанында іске асу		
Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары			
15	Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру: дәруменді ас мәзірі, сусындар, жеміс-жидектер, көкөністер. Ауыз- су тәртібін ұйымдастыру	Жыл бойы	Тәрбиешілер
16	Балалардың денсаулығын қарау, дене температурасын өлшеу, ата-аналарымен сөйлесу	Жыл бойы	Медбике
17	Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: - таза ауада қабылдау, жаттығулар; - дозаланған күн ванналары; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары; - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су режимі; - ауқымды жуыну; - аяқты шаю; - тыныс алу жаттығулары.	Жыл бойы	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
18	1. Спорттық ойын, жарыстар: - спорттық ойындар; спорттық жарыстар; эстафеталар. 2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. 3. Спорт мерекелері. 4. Мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу (<i>мүмкіндігінше таза ауада</i>).	Жоспар бойынша	Тәрбиешілер
19	Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Жыл бойы	Тәрбиешілер
20	Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Ата-аналармен жұмыс			
21	Ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында кеңестер жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың	Мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер

	қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту		
Қорытынды: Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау			
22	Жазғы сауықтыру шараларының аяғында балалармен, ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
	Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстарын педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	Бөбекжай меңгерушісі, әдіскер